

Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 56/04 " Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 тамыздағы № 54/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 4348 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 05/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 31.01.2020 № 05 /02 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі №56/04 " Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3459 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 2 қарашасында, 2015 жылдың 7 қарашадағы № 159-160 (21910-21911) "Индустриальная Караганда", 2015 жылдың 7 қарашадағы № 183-184 (22068) "Орталық Қазақстан" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

3 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – өсімдіктерді қорғау құралдарын өндірушіден гербицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) және

биопрепараттарды арзандатылған құны бойынша сатып алған кезде қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің немесе отандық өндірушілердің банктік шоттарына тиесілі субсидияларды әрі қарай аудару үшін төлем құжаттарын ұсыну немесе Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" 2015 жылғы 8 маусымдағы № 15-1/522 бұйрығымен (Нормативтік құқытық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11684 болып тіркелген) бекітілген "Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру.

Өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға субсидияларды бермеудің себептерін көрсете отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы қол қойған субсидияларды тағайындау/тағайындамау туралы шешімі бар қағаз жеткізгіштегі хабарлама жолданады.";

4 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттың 9-тармағында көрсетілетін белгіленген нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушымен (не оның сенімхат бойынша өкілі) өтінімді беру мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылдар) бастауға негіздеме болып табылады.";

5 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-әрекеттің) мазмұны және оны орындаудың ұзақтығы:

1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі – бөлім), қала басқармасы ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші өтінім және (немесе) тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінім келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген "Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын

өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" қағидалардың (бұдан әрі - қағида) 7 және 8-тармақтарында көрсетілген шарттарға сәйкестігі тұрғысынан өтінімді және қағидалардың 7 және 8-тармақтарында көрсетілген шарттарға сәйкестігі тұрғысынан тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді тексереді, сондай-ақ қағидалардың 14-тармағына сәйкес өсімдіктерді қорғау құралдарын (бұдан әрі - ӨҚҚ) өндіруші ұсынатын ӨҚҚ нақты өткізу көлемдері жөніндегі тізілімде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің бар-жоғын анықтайды;

2) бөлім өтінімді немесе тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді тексеруді аяқтағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде:

облыс басқармасына қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қолы қойылған мақұлданған өтінімдердің тізімін және қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиесілі субсидияларды төлеу туралы мақұлданған өтінімдердің тізімін жолдайды;

ӨҚҚ өндірушіге қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиесілі субсидияларды төлеу туралы мақұлданған өтінімдердің тізімін жолдайды;

өтінімнің және (немесе) тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімнің мақұлданғаны туралы не субсидияларды ұсынбау себептерін көрсете отырып, өтінімді және (немесе) тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді қайтару туралы ауыл шаруашылығы тауар өндірушіні жазбаша хабардар етеді.

3) облыс басқармасы қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мақұлданған өтінімдер тізімі және қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мақұлданған тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімдер тізімі келіп түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің немесе ӨҚҚ өндірушілердің шоттарына субсидияларды аудару үшін төлеуге төлем құжаттарын ұсынады.";

7 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігінің сипаттамасы:

1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі – бөлім), қала басқармасы ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші өтінім және (немесе) тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінім келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қағидалардың 7 және 8-тармақтарында көрсетілген шарттарға сәйкестігі тұрғысынан өтінімді және қағидалардың 7 және 8-тармақтарында көрсетілген шарттарға сәйкестігі тұрғысынан тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді тексереді, сондай-ақ қағидалардың 14-тармағына сәйкес ӨҚҚ өндіруші ұсынатын ӨҚҚ нақты өткізу көлемдері

жөніндегі тізілімде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің бар-жоғын анықтайды;

2) бөлім өтінімді немесе тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді тексеруді аяқтағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде:

облыс басқармасына қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қолы қойылған мақұлданған өтінімдердің тізімін және қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиесілі субсидияларды төлеу туралы мақұлданған өтінімдердің тізімін жолдайды;

ӨҚҚ өндірушіге қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиесілі субсидияларды төлеу туралы мақұлданған өтінімдердің тізімін жолдайды;

өтінімнің және (немесе) тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімнің мақұлданғаны туралы не субсидияларды ұсынбау себептерін көрсете отырып, өтінімді және (немесе) тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді қайтару туралы ауыл шаруашылығы тауар өндірушіні жазбаша хабардар етеді;

3) облыс басқармасы қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мақұлданған өтінімдер тізімі және қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мақұлданған тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімдер тізімі келіп түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің немесе ӨҚҚ өндірушілердің шоттарына субсидияларды аудару үшін төлеуге төлем құжаттарын ұсынады.";

мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.


3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.




Қарағанды облысының әкімі

Е. Қошанов

Қарағанды облысы әкімдігінің
2017 жылғы 29 тамыздағы
№ 54/02 қаулысына қосымша
"Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл
шаруашылығы дақылдарын өңдеуге
арналған гербицидтердің, биоагенттердің
(энтомофагтардың) және
биопрепараттардың
құнын субсидиялау" регламентіне
қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



	МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ БАСТАЛУЫ НЕМЕСЕ АЯҚТАЛУЫ
	ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ФУНКЦИОНАЛДЫҚ БІРЛІКТЕРІНІҢ ПРОЦЕДУРАЛАРЫНЫҢ (ІС-ҚИМЫЛДАРЫНЫҢ) АТАЛУЫ
	КЕЛЕСІ РӘСІМГЕ (ІС-ҚИМЫЛҒА) ӨТУ.